

Зәуре Қартова, тарих ғылымдарының кандидаты, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ тарих, экономика және құқық факультетінің деканы.

## ҰЛТТЫҢ ЖОЙЫЛЫП КЕТПЕУІНІҢ КЕПІЛІ

*Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы зиялы қауым арасында қызығушылық тудыруда. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сондықтан ұлтымыздың жаңаыруы бірінші кезекте рухани құндылықтардың жаңаыруына байланысты.*

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс Керсінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды

Отандық тарихи білім саласында болып жатқан маңызды өзгерістер кәсіби тарихшыларға үлкен жауапкершілік жүктейді Академик Манаш Қозыбаев "Ұлтың рухтыболса, ұлың ұлықты болса, тарихшы оны жаза алмаса, тарихтың сырын таба алмаса - ол тарихшы емес, ол тек оның елесі ғана", -деген болатын. Осы тұрғыдан алсақ ұлттық тарих, ұлттық болмыс, тарихи сана - барлығы бір деңгейде орналасатын киелі ұғымдар Әсіресе, бүгінгі таңда шынайы өмірді баяндау, ұлттық тарихтың сырын шерту, Отанымыздың тарих толқынында өз орнын табу мәселелері біздің басты мақсатымызға айналды Осы тақырыпта жазылған Елбасының мақаласы күрделі сауалдарға жауап беріп, тарихтың дамуына өз үлесін қосатынына сенімдіміз Мәдени-рухани құндылықтарды сақтап, мұрамызды бүкіләлемдік деңгейгежеткізу - мемлекет жаңғыруының негізгі бағыты.

Елбасының бастамалары - болашақ үшін өте маңызды Біріншіден, қазақ тілінбіртіндеп латын әліпбиіне көшіру мақсаты айқындалды Екіншіден қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша "Жаңа гуманитарлық білім Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасы қолға алынады Отандық тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз Зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады.

Президент "Туған жер" бағдарламасын қолға алуды ұсынды "Қазақстандағы 100 жаңа есім" жобасы - Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихын дамытуға үлес қосатыны анық. Қоғам алдында қыруәр істер тұр, оларды жүзеге асыру қажет Ойымызды тұжырымдай ке-ле, біріншшен, мемлекетіміздің іл-гері дамуын өз тарихымызбен мәдениетімізбен байланыста қарастыруымыз керек. Екіншіден, ұлттың санасына берік болып, дәстүр құндылықтарын сақтай білуі маңызды Осыларды ұштастырғанда ғана кез келген қауіптің бетін қайтаруға болады.